

**«8D02202- Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Бекенова Жумагул Нурдаuletovnanың «Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі» тақырыбындағы
диссертация жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7. Элеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер.</p> <p>«8D02202- Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған зерттеу мемлекет бюджетінен қаржыландыратын докторантурा аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.</p>

«8D02202- Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бекенова Жумагул Нурдаuletovнаның «Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі» тақырыбындағы диссертация жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7. Элеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер.</p> <p>«8D02202- Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған зерттеу мемлекет бюджетінен қаржыландыратын докторантурасында дайындалған диссертациялық жұмыс.</p>

		3) Диссертация Республикасының жанындағы Жоғары техникалық комиссия ғылыми-техникалық бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Қазақстан Укіметі
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган	<p>Пікір беріліп отырған диссертация өзінің саласы бойынша ғылымға маңызды үлес қосып отырған зерттеу жұмысы болып табылады. Ізденуші Жұмагүл Бекенованың зерттеу жұмысы қазіргі заман үшін маңызды болып отырған жауапкершілік мәселесін философиялық түрғыдан зерделей отырып оның цифрлық қоғамдағы маңызы мен мәнін ашуға арналған. Зерттеу жұмысындағы концептуальдық идеялар әлемдік проблеманы философиялық негіздеуімен ғылымға үлесін айқындайтын жұмыс ретінде санауга болады. Ғылыми зерттеу жұмысы авторының тақырыпқа байланысты жүргізген философиялық шолулары, талдаулары мен түжірымдары, ұсыныстары олардың ғылыми түрғыдан негізделуі мен дәйектілігі арқылы жұмыстың маңыздылығы ашылғанын көрсетеді.</p> <p>Жауапкершілік категориясын адамзат өркениетінің жаңа белесі-цифрлық қоғам дамуы аспектісінде зерттеу заманауи философияның өзекті мәселесінің бірі екені күмәнсіз. Осындай әлемдік мәселенің зерттелуі отандық философия ғылымына жаңа үлес, тың бетбұрыс болып табылары талас шақырмайды. Жалпы әлемдік өзекті болып отырған сұрақтар</p>

			бойынша зерттеулерге үн қосу және соған қатысты жаңа теориялық тұжырымдар қалыптастыру зерттеуші ізденісінің нәтижелігін көрсетеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жоғары. Диссертация авторы зерттеу жұмысында философиядағы цифрлық қоғам және ондағы тұлғаның жауапкершілігі сияқты этикалық мәселеге арналған зерттеудерді заманауи астарда қарастыра отырып, осы мәселеге қатысты өзіндік ой-түйіндерін, өз пікірін теориялық түрғыдан тұжырымдауға ұмтылған. Жұмыста цифрлық қоғам, этика, жауапкершілік мәселесіне қатысты белгілі теорияларға, концепцияларға, категорияларға толықтай шолу жасалған десек болады. Бұл бағытта зерттеуші барынша еңбектенген. Ғылыми жұмыстың талабы бойынша шолу жасаумен қатар зерттеушінің өз тұжырымы болуы аса маңызды. Сондықтан жұмыстан диссиденттың мәселеге қатысты өзінің тұжырым, пайымдауларын барынша жүйелі беруге ұмтылғаны көрініп түр. Автор қазіргі заманғы қын да, күрделі тақырыпты зерттеу объектісі ретінде ала отырып, оны теориялық және практикалық маңызы жағынан өз бетінше зерттеп, оның мәні мен алғышарттарын жанжақты қарастыра отырып өзінің мәселе туралы көзқарасын теориялық деңгейде тұжырымдай білген. Автордың тақырыпқа қатысты жарияланымдары да зерттеу жұмысына қойылатын өзі жазу принципіне толығымен сәйкестігін айқындаиды.

			Диссертанттың тақырыптан туындайтын өзіндік көзқарасы мен тұжырымдары жұмыс барысында айқындалып, концептуальдық турде жүйеленген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Жеткілікті негізделген. Диссертация авторы тақырыптың өзектілігін қазіргі өркениеттің дамуы барысындағы цифрлық, цифрлық қоғамдағы жауапкершілік ұғымының қолданысы мен заманауи цифрлық технологиялардың қарыштап дамуы негізінде басқа ғылымдармен қатар философияның өзекті мәселесіне айналуының алғышарттарын айқындаі отырып негіздейді. Жұмыста мәселенің қарастырылуы мен оның теориялық, әдістемелік деңгейде шешімін табуы тақырыптың өзектілігінен туындалап, оны ғылыми негіздеу арқылы айқындалған деп санаймыз.</p> <p>Зерттеуші бұл мәселеге ғылым мен философия тарихындағы ізденістерге сүйене отырып, жұмыстың ішкі мазмұндық тұтастығы мен логикалық бірізділігі қағидасы бойынша оның өзектілігін дәйектеген. Жұмыстың жалпы құрылымы оның өзектілігімен іштей үндескен. Соның нәтижесінде зерделеніп отырған мәселе бойынша автор бірегей танымдық, әдістемелік негіз жасай алған. Диссертациялық жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі мен оны философия ғылымы тұрғысынан зерттеп, талдаудың қажеттігі тиісті ғылыми танымдық деңгейде, ішкі бірлік принципі негізінде айқындалған.</p>

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды. 	<p>Пікір беріліп отырған диссертациялық зерттеу еңбегінде берілген тақырыптың мазмұны толықтай ашылған. Жұмыстың тараулары мен бөлімдерінде жұмыс тақырыбына байланысты қойылған мақсаттар ретімен орындалып, тиісті талдау жұмыстары жүзеге асырылған. Жұмыста цифрлық қоғамдағы маңызды этикалық мәселенің бірі-жауапкершілік категориясын зерттеу оның алғышарттарын, онымен категориялық тізбек құратын ұғымдарды саралау, цифрлық қоғам мен тұлғаның басқа қоғамдардан салыстырмалы айырмашылығын, жеке тұлғаның цифрлық қоғамдағы ерекшелігі және елімізде қалыптасудағы цифрлық қоғам мен тұлға жауапкершілігі сияқты сұрақтарды талдау барысында жұмыстың мазмұны берілген тақырыпты айқындайды.</p>
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Диссертант жұмыс алдына қойылған мақсат пен міндеттерді дәлелді негіздей отырып, жүйелі түрде ішкі сабактастықты сактай отырып орындаған. Мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбына жеткілікті дәрежеде сәйкес келеді. Жұмыстың күрьылымдық бөлімдері цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесін философиялық аспектіде зерттеуге арналған оның мақсаты мен міндеттеріне толықтай жауап береді.</p> <p>Ізденуші алдына қойылған тақырыпқа сай мақсаты мен міндеттерін жүйелі және дәлелді тұжырымдан, тұтастық пен логикалық бірізділік қағидасын сактаған.</p>

	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Жұмыс жоспары негізгі зерттеу тақырыбына сәйкес жасалған және ғылыми жұмысқа қойылатын теориялық, методологиялық талаптарға сай келеді. Диссертациялық зерттеу жұмысында оның барлық бөлімдері өзара тығыз логикалық және мазмұндық байланыста кешенді турде жүзеге асырылған. Зерттеу жұмысының құрылымдық бөлімдерінде жұмыс тақырыбы ішкі логикалық бірлікте, тиісті дәйектемелер мен ғылыми тұжырымдау арқылы бірізділік қағидасын сақтай отырып тұжырымдалған және толық байланысқа ие. Зерттеу жұмысында барлық бөлімдерінің ғылыми методологиялық өзара сабактастығы, мазмұндық тұтастығы сақтала отырып цифровық қоғамдағы тұлғаның этикалық жауапкершілігі зерделенген. Құрылымдық жағынан пікір беріліп отырған диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, тарауішілік бөлімшелерден, қорытындыдан, әдебиеттерден құралған. Оның бәрі негізгі зерттеу тақырыбы мен жұмыс мазмұнымен үндестік құрып түр.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сынни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. 	<p>Зерттеу жұмысында осы тақырыптағы әлемдік және отандық зерттеу жұмыстары салыстырмалы түрде талданып, олардың өзіндік ерекшелігі, идеялық қағидаларының мазмұны мен маңызы анықталып, оларға автордың сынни талдау көзқарасы берілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыста автор басқа авторлардың, зерттеуші ғалымдардың көзқарасына шолу жасай отырып, өзінің ой тұжырымдарын оларға компаративистік талдау жасау түрінде жүзеге асырған.</p>

			Цифрлық қоғам, цифрлық этикадағы жауапкершілік категорияларын талдай отырып, өзіндік тұжырымдарын беруге үмтүлған. Автор өзінің жаңа көзқарасын басқалардың жұмыстарын талдау негізінде және қазіргі шындықпен үйлестіру, объективтік қағидасы аясында көрсеткен.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	Ізденушінің зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Автор зерттеу нәтижесінде жаңа жүйелі қағидаларды ұсына білген. Диссертациялық зерттеуде тек қана теориялық емес, мәселенің қолданбалы, прагматикалық аспектілері де қаралып, автор өз көзқарасын барынша негізделген.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа және теориялық-методологиялық тұрғыдан жеткілікті болып табылатын дәйектемелерге негізделген. Диссертациялық зерттеу қорытындылары жұмыстың мазмұны мен қойылған проблемаларды зерделеу нәтижесінен туындағы отырып өзекті философиялық мәселені жаңаша қорытындылау болып табылады. Ғылыми жұмыс қорытындыларының деңгейі мен мазмұны диссертациядан алынған нәтижелер мен қағидаларға, жаңалықтарына сәйкес келеді.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</p>	Жұмыстың теориялық негіздері мен қорытындыларын практикалық қолданыстар саласына, ғылыми-техникалық зерттеулерде философиялық әдістеме тұрғысынан басшылыққа алуға болады. Бұл жағынан зерттеу әдіснамалық қағидат жағынан жаңа болып табылады.

		3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).	Dиссертация жұмысының тақырыбы мен зерттеу объектісі философиялық ғылым бағытында орындалғанымен техника философиясы аясында заманауи цифрлық технологияларга этикалық аспекттіде тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан жұмыстың қорытындылары мен алғынған нәтижелері технологиялық, экономикалық цифрлық әлемдегі тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін қарастыруына байланысты жаңа әрі жеткілікті негізделген деуге әбден болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түргыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Ізденуші Жұмагұл Бекенованың зерттеу жұмысы нәтижелерін гуманитарлық бағыттарда, ғылыми зерттеулерге қолдану философиялық-әдіснамалық жағынан практикалық маңызға ие болып табылады. Зерттеу нәтижелерін жалпы ғылыми зерттеулер, білім саласындағы цифрлық технологияларды қолдану мен цифрлық мәдениеттің практикасында, цифрлық дүниетанымға теориялық, этикалық негіздеме ретінде алуға болады. Жұмыс бұл жағынан цифрлық дүниетанымның, қоғамда әр саладағы цифрандыру практикасының философиялық-етикалық дискурс негізі бола алады.
7.	Корғауға шыгарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді.	7.1. Дәлелденді. Зерттеуші қорғауға жеті қағидат шыгарған. Ол қағидаттар жұмыстың тақырыбына сәйкес келіп, мазмұнынан теориялық, методологиялық, логикалық түргыдан туындал түр 7.2. Жоқ. Автор қағидаттарды тың көзқарас, тұжырым түргысынан негізделген.

		<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок.</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жок.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең.</p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>7.3. Жана. Зерттеуші еліміздің философиялық ғылымында бұрын арнайы қарастырылмаған қағидаттарды жаңалық деңгейінде өзектендірген.</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең. Корғауға шығарылып отырған зерттеу нәтижелерін философиялық-этикалық, жалпы гуманитарлық ғылымдар саласында және техника, ақпараттық-технология саласында, әлеуметтік қатынастарда этикалық императив ретінде басшылыққа алуға болады.</p> <p>7.5. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 9 ғылыми макалада жарияланған. Оның біреуі Scopus базасына кіретін журналда, төртеуі Қазақстан Республикасы ФЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, төртеуі халықаралық ғылыми конференция жинақтарында жарық көрген. Жарияланған макалалар зерттеу жұмысының тақырыбы мен мазмұнын толықтай қамтиды.</p>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>Әдістеме қолданысы зерттеудің мазмұнын ашуға толығымен негізделген және зерттеу жұмыстарының теориялық-әдіснамалық талаптары мен алдына қойған міндеттеріне сәйкес келеді.</p> <p>Жұмыс барысында автор философиялық-тариҳи, философиялық-антропологиялық, жүйелік, логикалық әдістерді жұмыстың алдына қойған мақсатына жету күралы ретінде орынды қолданған. Аталған әдістер арқылы диссертациялық жұмыстың мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда дәйектілік принципі</p>

		басшылыққа алынғаны жұмыстың нәтижелігімен айқындалады.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар мен ғылыми тұжырымдар бір-бірімен өзара байланысты және дәлелді түрде негізделген. Автор зерттеу барысында көтерілген мәселелерге сынни көзқараспен дәлелдемелер келтірген. Сондықтаан бұл сала бойынша «иә» деген жауапқа сәйкес келеді.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) ия; 2) жоқ.	Жұмыстағы теориялық қорытындылар мен нәтижелер зерттеудің философиялық сипатына орай эксперименттер емес, тиісті әдебиеттер мен концепцияларға, философиялық, ғылыми, тарихи-мәдени тұжырымдарға, зерттеліп отырған сала бойынша мысалдарға, әлеуметтік практикаларға негізделген. Диссертант соларға сүйене отырып белгілі дәрежеде өзіндік авторлық тұжырымдар жасауға ұмтылған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Жұмыстың негізін құрайтын мәдімдемелер жеткілікті деңгейде жұмыс тақырыбы бойынша тиісті ғылыми әдебиеттермен және нақты сілтемелермен расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Жұмыстың негізін құрайтын мәлімдемелер жеткілікті деңгейде жұмыс тақырыбы бойынша тиісті ғылыми

			<p>әдебиеттермен және нақты сілтемелермен расталған. Жұмыста қолданылған 150 дереккөз ішінде отандық және шетелдік осы саладағы мамандардың еңбектері, философиялық, этикалық классикалық түйндылар келтірілген. Дереккөздер жұмыстың теориялық, методологиялық тұрғыдан негізделуі және әдеби шолу үшін жеткілікті деп санаймыз.</p>
9. Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок.		<p>Диссертациялық жұмыс цифрлық қоғам, цифрлық қоғамдағы тұлға, әлеуметтік жауапкершілік мәселесін, олардың философиялық мәнін және цифрлық гуманитаристика, цифрлық мәдениет және олардың әдістемелік маңызы мен әлеуметтік-мәдени мәнін зерттеудің нәтижесі ретінде маңызды теориялық мәнге ие.</p> <p>Зерттеудің теориялық құндылығы жахандану дәүірінің аса маңызды сипаты-цифрлық қоғамдағы жауапкершіліктің антропологиялық, цифрлық этикалық ерекшелігін философиялық проблема тұрғысында өзектендіре отырып, оның бағыт-бағдарын, ішкі, сыртқы факторлары мен қозғаушы күштерін айқындау, цифрлық қоғамдағы антропологиялық өзгерістің сипаты ретінде цифрлық этиканы жауапкершілік жаңа парадигмасын қалыптастырудың теориялық негізін түжырымдау тұрғысынан ерекшеленеді.</p>
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:		<p>Ия, Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы оның теориялық ұстанымдарын әдістемелік және дүниетанымдық жағынан басшылыққа алumen анықталады.</p>

	<p>1) ия; 2) жок.</p>	Сонымен бірге зерттеу нәтижелерін орта арнайы, жоғары оқу орындарындағы жалпы гуманитарлық пәндерді беру барысында қажетті теориялық, практикалық құрал ретінде ұсынуға болады. Сонымен қатар жұмыстың практикалық маңызы цифрлық дәүірде өмір сурған дағдыларын қалыптастыруға этикалық негіз ретінде қарастыруға болады.
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Бұл жағынан жұмыстың қағидаттары мен қорытындылары жаңалығын отандық философия ғылымы саласындағы алғаш рет жазылған ғылыми зерттеу екені де дәйектей түседі. Жұмыстағы практикалық ұсыныстар зерттеліп отырған мәселе бойынша жаңа болып табылады және қолданысқа философиялық әдістемелік түрғыдан сәйкес келеді.</p>
10.	<p>Жазу және рәсімдеу сапасы</p> <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Жоғары. Пікір беріліп отырған диссертациялық жұмыстың жазу және рәсімдеу сапасы академиялық жазу нормасына сәйкес жоғары деп бағалауға болады. Жұмыста талапқа сай ғылыми стиль сакталып, жалпы логикалық, ғылыми әдістер, ғылыми терминдер, философиялық категориялық аппарат тиісінше қолданылып, дәйекті тұжырымдар жасалған, жұмыс барысында техникалық рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес жоғары сапалы деңгейде жүзеге асырылған.</p>

8D02202 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бекенова Жумагул Нурдаuletovnanың « Цифрлық қоғамдағы жауапкершілік мәселесі» атты диссертация жұмысы өзекті такырыбы, айқын мақсат-міндеттері, толымды ғылыми жаңалығы, маңызды теориялық іргетасы, дәйекті зерттеу нәтижелерімен ғылыми жұмыс талаптарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Бекенова Жумагул Нурдаuletovnanы 8D02202 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуга әбден лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
кафедра менгерушісі, философия ғылымдарының
докторы

Ә. Өмірбек

Бекежан Өмірбек Қадырханұлы



13 06 2024 ж.